

Бекітемін

Мектеп директоры:

М.А.Зулкаков



Жайсаң жалпы орта білім беру мектебінің
Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

Әлеуметтік педагог: А.М.Зайнуллаева

Тақырыбы: Балалардың әлеуметтану мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастығы нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

-балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;

-оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;

-тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;

-оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;

-аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;

-ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйден оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;

-мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;

-мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді;

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу.				
1	Ұйымдастырушылық іс-шаралар. Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру. Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау	тамыз	Әлеуметтік педагог	жоспар

2	«Мектепке жол» акциясы аясында мектепмектепшілік қайырымдылық қорын ұйымдастырып отбасы жағдайы төмен және аз қамтылған отбасыларға көмектесу.	тамыз	Әлеуметтік педагог	Акция аясында
3	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТІЖО	Пед кеңес
4	Әлеуметтәі көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балаларды оқулықтармен қамтамасыз ету.	тамыз	Әлеуметтік педагог және сынып жетекші, кітапханашы	Пед кеңес
5	Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспортын жасау.	қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Мектеп әлеуметтік құжатын әзірлеу
Бала құқығын қорғау жұмысы				
6	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен байланыса отырып жұмыс жүргізу.	жыл бойы	Әлеуметтік педагог	анықтама
7	Ата-ана жән бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші, психолог	анықтама
8	«Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	қыркүйек	Әлеуметтік педагог, әкімшілік	мәлімет
9	«Отбасылық қарым қатынас » тақырыбында орта буын сыныптарында эссе жазу.	желтоқсан	Әлеуметтік педагог сынып жетекші	анықтама
10	«Бала құқығы асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар. Мектеп бітіруші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	желтоқсан	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші, психолог	анықтама

11	«Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама	қаңтар	Әлеуметтік педагог, психолог	анықтама
12	«Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг	ақпан	Әлеуметтік педагог, психолог	анықтама
Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмысы				
13	Үйден оқытылатын оқушылардың үй жағдайын зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу	жылына екі рет	Әлеуметтік педагог және комиссия мүшелері	Акт
14	Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылармен жұмыстар жүргізу.	жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші, психолог	анықтама
15	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқық бұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тейімді пайдалануын ұйымдастыру жұмыстары.	жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші, психолог	тізім
16	5-7 арасында дөңгелек үстел ұйымдастыру	наурыз	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші, психолог	анықтама
17	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және аудан аймағында лагерьде демалуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	сәуір	Әлеуметтік педагог	Оқушы құжаттарын жинақтау
Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмыстары				
18	Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	үнемі	Әлеуметтік педагог, педагог психолог, сынып жетекші, әкімшілік	Болған жағдайда
19	Сабактап себепсіз қалып кәсілетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	үнемі		

20	Ата-апасымен тұратын оқушылардың отбасылық, әлеуметтәі жағдайын бақылау.	үнемі		
21	Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу.	жоспарға сай		
Білім алушылардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыс.				
22	Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог	хаттама
23	Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау.	үнемі	Әлеуметтік педагог	кеңес беру
24	Ата-аналармен дөңгелек үстел.	мамыр	Әлеуметтік педагог	талдау
Диагностикалық-талдау қызметі				
25	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында балалардан сауалнама алып,диагностика жүргізу.	мамыр	Әлеуметтік педагог	анықтама
26	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі.	мамыр	Әлеуметтік педагог	талдау
27	Келесі оқу жылына жоспар	мамыр	Әлеуметтік педагог	жоспар

Әлеуметтік педагог:



А.М.Зайнуллаева

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жасалынған жұмыстардың есебі:

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау, жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқық бұзуға беім, балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жыл бойы үздіксіз жүргізілген жұмыстар:

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылармен байланыста болып, байланыса отырып жұмыс жасалынды.

Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Үйден оқитын оқушылардың үй жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілді. Үйден оқытылатын оқушыларға мектеп тарапынан ноутбук, компьютер мен қамтамасыз етілді.

Сабақтап себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізілді.

Тамыз. Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Нормативтік-құқықтық құжаттар базасы жинақталды. Ең бірінші әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалар оқулықтармен қамтылды. Мектепке жол акциясы аясында әлеуметтік санаттағы оқушыларға мектеп тарабынан, спорсорлар тарапынан мектепке қажетті керек-жарақтармен қамтылды.

Әлеуметтік санаты бар, көпбалалы, аз қымтылған, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен отбасыларға жалпыға бірдей білім беру қорынан 83 оқушыға ақшалай көмек берілді.

Мектеп әкімшілігімен бірлескен отырыста 2023-2024 жылғы ыстық тамақпен қасту жұмыстары ұйымдастырылатыны шешілді. Осы оқу жылында 1-4 класстар аралығында барлық балалар ыстық тамақпен қамтылатын болды. 5-11 класстар аралығында әлеуметтік санаттар бойынша жалпы 42 бала ыстық тамақпен қамтылатын болды.

Қыркүйек. 2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік санаттарды зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды.

Жайсаң жалпы орта білім беру мектебінің 2023-2024 оқу жылына әлеуметтік паспорты

№ класс	Көпбалалы отбасылар, балалар саны	Аз қамтамасыз етілген отбасы, балалар саны	Атаулы әлеуметтік көмек	Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
1а	7	-	-	-
1б	4	-	-	-
2а	5	-	-	-
2ә	4	-	-	1

2б	3	-	-	1
3а	5	1	1	-
3б	3	-	-	-
4а	5	-	-	-
4б	4	-	-	1
4в	5	1	-	-
5а	8	1	2	-
5б	2	-	-	1
5в	7	3	1	-
6а	2	1	1	-
6б	1	-	1	-
7а	2	2	-	-
7б	3	5	1	-
8а	3	-	-	-
8б	3	-	-	-
9а	6	-	-	-
9б	5	3	1	-
10а	5	-	-	-
10б	2	-	-	-
11а	4	-	-	-
11б	2	-	-	-

Барлығы:

Көпбалалы: 95-бала, 37- отбасы

Аз қамтамасыз етілген: 17- бала, 8-отбасы

Атаулы әлеуметтік көмек: 8-бала, 4-отбасы

Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар: 4-бала

Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануын бақылауды мектеп медбикесі, тәрбиесі ісі жөніндегі орынбасарлар және әлеуметтік педагог жүргізді.

Мектептегі бала құқығы оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл тақырыпта балалардың мектепте өздерін ұстауы, оқушылардың өзара қарым-қатынас жүргізудің дұрыс жолдары айтылды.

Желтоқсан. Желтоқсанның басты бір іс-шарасы оқушыларға мектепшілік аудандық жаңа жыл ертеңгіліктерін өткізу болды. Аудандық әкім ерекше білімді қажет ететін оқушыларға және үйден оқытылатын оқушыларға жаңа жылдық ертеңгіліктер ұйымдастырып, сыйлықтарын табыстады.

Мектеп тарапынан класс жетекшілерден ақшалай жиналып жаңа жылдық сыйлығы жоқ оқушыларға сыйлық алып берілді.

Волонтерлық топ өкілдерінен Инна Рокина бастаған волонтерлық топтың басшысы мектептегі әлеуметтік санаты бар оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар табыстады.

Мектебіміздің оқушысы Жанкельди Алия президентке жаңа жылдық хат жазып, президент атынан

Қаңтар. «Балдәурен» үздік және белсенді оқушыларға арналған лагеріне мектебімізден 9-класс оқушыларынан 2 оқушы жіберілді.

Ақпан. Мектептен себепсіз қалатын оқушыларды қадағалап, тәрбие ісі-орынбасарларымен, мектеп психологымен бірігіп оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік санаттары бойынша мектеп асханасынан тамақтануға 2 оқушы қосылды.

Сәуір. Мектеп участкалық инспекторымен жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың тұрмыс үй жағдайын тексеру жұмыстары жүргізілді. Мектеп бойынша бұл санаттағы оқушылар саны: 4

Осы санаттағы оқушыларға 027 медициналық справка алып тапсырды. Қамқоршылардың жыл сайынғы есебі тапсырылды.

Мамыр. Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында балалардан сауалнама алып, диагностика жүргізілді. Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі дайындалды.

Балалардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында оқушыларға жазғы мектеп алаңына және де лагерьлерге жолдамалар берілді.

Жазғы жолдама бойынша мектебіміздегі 5 оқушы «Шұғыла» қала сыртындағы лагеріне жіберілді. Бұл жолдамаға мектебімізден үздік және белсенді оқушылар алынды.

Келесі «Асем» лагеріне 9 оқушы әлеуметтік санаттар бойынша жіберілді.

Маусым. Мектеп жанындағы алаң 3 маусым мен 21 маусым аралығында өтті. Алаң 3 кезеңнен тұрды. Оқушылар 2 кезеңде әлеуметтік санат бойынша тамақтанумен қамтамасыз етілді. Әр кезеңде оқушылар ауданға экскурсияға апарылды.

Келесі оқу жылына жоспар тапсырылды. 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі құрылды.

Әлеуметтік педагог:



Зайнуллаева А.М